

Қарасай ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі № 6-7 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 24 тамызда № 3936 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 25-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 26.02.2018 № 25-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасай ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. "Қарасай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Рымбаева Баян Садырбаевнаға осы шешімді әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасай аудандық мәслихатының "Ауыл шаруашылығы, көгалдандыру, сауда, қоршаған ортаны қорғау, экология, жерді және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Исаева

Е. Қалиев

